- ▶ Түсті маталарға арналған жуғыш зат: 20-60 °C (ең жақсы нәтиже үшін 30-60 °C)
- Арнайы гигиеналық талаптар болған жағдайда ғана 90 °C жуу температурасын таңдаңыз.
- 60°C және одан жоғары температураны орнатқан кезде аз мөлшерде жуғыш затты қолдану ұсынылады. Мақта немесе синтетикалық матаға жарамды арнайы дезинфекциялау құралын қолдану ұсынылады.

- Аз көбіктенетін ұнтақты немесе көбіктенбейтін ұнтақты қолдану ұсынылады.



## Жуғыш затты жүктеу

1. Жуғыш құралдың контейнерін алып шығарыңыз.
2. Жуғыш заттарды тиісті бөліктерге салыңыз (6-4 сурет)
3. Контейнерді ақырын кері сырғытыңыз.




### ЕСКЕРТУ

- ▶ Келесі жуу циклы алдында жуғыш заттар науасынан қалған жуғыш затты алып тастаңыз.
- ▶ Жуғыш затты немесе кір жұмсартқышты шамадан тыс қолданбаңыз.
- ▶ Жуғыш заттың қаптамасындағы нұсқауларды орындаңыз.
- ▶ Жуғыш затты әрқашан жуу циклын бастамас бұрын құйыңыз.
- ▶ Концентрацияланған жуғыш затты 2-бөлікке қоспас бұрын сұйылту керек.
- ▶ Сұйық жуғыш затты ең тиімді пайдалану мөлшерлеу шарын кір жуғыш машинаның барабанына кірмен бірге салу арқылы жүзеге асады.
- ▶ Сұйық жуғыш затты кейінге қалдырылған бастау таңдалған жағдайда қолданбаңыз.
- ▶ Киім жапсырмаларында көрсетілген күтім нұсқауларына сәйкес және бағдарламаны таңдау кестесіне сәйкес бағдарлама параметрлерін мұқият таңдаңыз.
- ▶ Жуғаннан кейін люк манжетінің төменгі жағында және жуғыш зат науасында судың жиналуы қалыпты жағдай.


## Кір жуғыш машинаны қосу

Машинаны қосу үшін қуат батырмасын басыңыз. Машинаны өшіру үшін қуат батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз (6-5-сур.).



## Бағдарламаны таңдау

Жудың ең жақсы нәтижелері үшін ластану дәрежесі мен кір типіне сәйкес келетін бағдарламаны таңдаңыз. Бағдарлама қайта қосқышының тұтқасын айналдыру арқылы (6-6-сур.) қажетті бағдарламаны таңдаңыз.



### ЕСКЕРТУ: ИІСТІ КЕТІРУ




Бірінші жуу алдында «Өзін-өзі тазалау» бағдарламасын кірді салмай-ақ және жуғыш зат бөлігінде аз мөлшерде жуғыш затпен немесе зиянды заттарды кетіру үшін арнайы тазартқышпен іске қосқан жөн.

## Жеке параметрлерді қосу

Қажетті функциялар мен параметрлерді таңдаңыз (6-7-сур.); «Басқару панелі» және «Бағдарламалар» тарауларын қараңыз.



## 7 Күтім және тазалау



### Жуғыш зат контейнерін тазалау

Әрқашан жуғыш заттың қалдықтарын контейнерден алып тастаңыз.

Науаны келесі жолмен үнемі тазалаңыз (7-1-сур.):

1. Жуғыш зат контейнерін тоқтағанша тартыңыз.
  2. Бұғаттан шығару батырмасын басып, контейнерді алыңыз.
  3. Контейнерді толығымен тазаланғанша сумен шайыңыз және оны қайтадан машинаға салыңыз.
- Кір жуғыш машинаны тазалау
- ▶ Кір жуғыш машинаны тазалау және қызмет көрсету кезінде қуат кабелін желіден ажыратыңыз.
  - ▶ Машинаның корпусын (7-2-сур.) және резеңке элементтерді сабын ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
  - ▶ Коррозияны тудыратын органикалық химиялық заттарды немесе еріткіштерді қолданбаңыз.

### Су беру шүмегі және су беру шүмегінің сүзгісі

Су беру клапанының сүзгісін қақ сияқты қатты бөлшектермен бітеліп қалмауы үшін үнемі тазалап отырыңыз.

- ▶ Қуат кабелін желіден ажыратыңыз және су беруді өшіріңіз.
- ▶ Құю құбыршегін машинаның артқы қабырғасындағы клапаннан (7-4-сур.), сондай-ақ су беру кранынан бұрап алыңыз.
- ▶ Сүзгіні сумен шайып, щеткамен тазалаңыз (7-3-сур.).
- ▶ Сүзгіні салыңыз және су беру құбыршегін орнатыңыз.

### Барабанды тазалау

- ▶ Барабаннан түйреуіштер, тиындар және т.б. сияқты кездейсоқ түскен металл заттарды алып тастаңыз, өйткені олар тот дақтарының және зақымданудың себебі болады.
- ▶ Тот дақтарын кетіру үшін хлоридтері жоқ тазалағыш құралды қолданыңыз. Тазалағыш құрал өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- ▶ Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Процедура аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз, тығыздағыштың айналасындағы дақтар мен көбікті кетіру үшін майлықты пайдаланыңыз және тығыздағыштың іші мен сыртын таза ұстаңыз. (7-5-сур.).


## **i** ЕСКЕРТУ: БАРАБАНДЫ ТАЗАЛАУ

Тұрақты техникалық қызмет көрсету үшін ластанудың ықтимал қалдықтарын кетіру үшін тоқсанына бір рет жүктемесіз «Очистка барабана» («Барабанды тазалау») бағдарламасын іске қосуды ұсынамыз. Науа бөліміне аз мөлшерде жуғыш зат қосыңыз немесе кір жуғыш машиналар үшін арнайы тазартқышты қолданыңыз.

### Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Егер машинаны ұзақ уақыт пайдалану жоспарланбаса, келесі дайындықты орындау қажет:

1. Электр ашасын розеткадан алыңыз (7-6-сур.).
2. Су беруді өшіріңіз (7-7-сур.).
3. Ылғалдың жинақталуы және иістің пайда болуының алдын алу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз.



Келесі қолданар алдында қуат кабелін, су беруді және су төгетін түтікті мұқият тексеріңіз. Барлығының дұрыс орнатылғанына және ағып кетпегеніне көз жеткізіңіз.



## **i** ЕСКЕРТУ: БАРАБАНДЫ ТАЗАЛАУ

Ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін, «Очистка барабана» («Барабанды тазалау») бағдарламасын кірсіз және науа бөлігінде аз мөлшерде жуғыш затпен немесе зиянды заттар мен қоқыстарды кетіру үшін арнайы тазартқышпен іске қосқан жөн.

### Сорғы сүзгісі

Сүзгіні айына бір рет тазалаңыз және машина келесі жағдайда болса, сорғы сүзгісін тексеріңіз:


- ▶ суды ағызбайды;
- ▶ сығуды орындамайды;
- ▶ Кір жуғыш машина жұмыс кезінде ерекше шу шығарады.




## **!** НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіп қалу қаупі! Сорғы сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген әрекетті орындамас бұрын судың салқындағанына көз жеткізіңіз.

1. Кір жуғыш машинаны өшіріп, қуат сымның ашасын розеткадан алыңыз (7-8 сур.).
2. Сервистік люкті басып, оны ашыңыз (7-9 сур.).
3. Суды ағызуда арналған тегіс ыдысты қойыңыз (7-10 сур.). Сүзгіден ағып шығатын су көлемі біршама көп болуы мүмкін!
4. Төпке құбыршекті тартып, ұшын ыдыстың үстінде ұстаңыз (7-10 сур.).



5. Төкпе құбыршектен бітеуішті алыңыз (7-10-сур.).
6. Суды толығымен ағызғаннан кейін төкпе құбыршекті жабыңыз (7-11 сур.) және оны қайтадан машинаның ішіне салыңыз.
7. Сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы бұрап алыңыз (7-12 сур.).
8. Ластануды және кірді кетіріңіз (7-13-сур.).
9. Сорғы сүзгісін, мысалы, ағынды су көмегімен мұқият тазалаңыз (7-14 сур.).
10. Оны мұқият қайта орнатыңыз (7-15-сур.).
11. Сервистік шағын люкті жабыңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Сорғы сүзгісінің тығыздамасы таза және ақаусыз болуы керек. Егер қақпағы тығыз жабылмаса, су ағып кетуі мүмкін.
- ▶ Сүзгі өз орнында тұруы керек, керісінше жағдайда ағып кету орын алуы мүмкін.

Көптеген туындаған мәселелерді маманның қатысуынсыз өз бетінше шешуге болады. Ақаулық туындаған жағдайда, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласпас бұрын барлық аталған себептерді тексеріп, төмендегі нұсқауларды орындаңыз. «Клиенттерге қолдау көрсету қызметі» тарауын қараңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны өшіріп, қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі, қате жөндеу біршама кейінгі салдарға себеп болуы мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайды болдырмау үшін зақымдалған электрмен жабдықтау кабелін ауыстыруды тек дайындаушы, сервистік орталықтың өкілі немесе ұқсас біліктілігі бар тұлғалар ғана жүзеге асыруы тиіс.

## Ақпараттық кодтар

Келесі кодтар тек ақпарат үшін көрсетіледі және жуу циклына қатысты. Олар ешқандай әрекетті орындауды қажет етпейді.

Код	Хабарлама
01:27	Жуу циклінің қалған уақыты — 1 сағат 27 минут.
6:30	Бағдарлама 6 сағат 30 минуттан кейін басталады.
P--1/2/3	1, 2 немесе 3 қосымша шаю таңдалды ( «ФУНКЦИЈАЛЫҚ БАТЫРМАЛАР» тарауын қараңыз — «Полоскание+» («Шаю+») батырмасы).
Соңы	Жуу циклі аяқталды. Құрылғы автоматты түрде өшеді.
Lock: қазіргі уақытта есікті ашу мүмкін емес	Есік судың жоғары деңгейіне, судың жоғары температурасына немесе сығу циклінің орындалуына байланысты жабық.
Дыбыс өшірулі.	Дыбыстық сигнал өшірулі.
Дыбыс қосулы.	Дыбыстық сигнал қосулы.

## Дисплейдегі қате коды бойынша ақаулықтарды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
CLrFLtr: Суды ағызу қатесі	Суды ағызу қатесі, су 6 минут ішінде толығымен кетпейді	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>• Су ағызатын түтіктің орнатылуын тексеріңіз.</li> </ul>
E2: Бұғаттау қатесі	Бұғаттау қатесі.	Есікті дұрыс жабыңыз.
E4: Су беру қатесі	Су деңгейіне 8 минуттан кейін қол жеткізілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Шүмектің ашық екеніне және судың қысымы қалыпты екеніне көз жеткізіңіз.</li> <li>• Төкпе құбыршектің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.</li> </ul>
E8: Су жинау қатесі	Су деңгейі бойынша қорғаныс қатесі.	Сервистік қызметке хабарласыңыз.
E5: Су деңгейін анықтау қатесі	Су төгу қатесі. Су 1 минут ішінде толығымен ағып кетпейді (i-Refresh бағдарламасы).	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>• Төкпе құбыршектің орнатылуын тексеріңіз.</li> </ul>

F3: Температура датчигінің қатесі	Температура датчигінің қатесі.	Сервистік қызметке хабарласыңыз
F4: Қыздыру қатесі	Қыздыру қатесі	Сервистік қызметке хабарласыңыз
F7: Электр қозғалтқыш қатесі	Электр қозғалтқыш қатесі	Сервистік қызметке хабарласыңыз
FA: Су деңгейі датчигінің қатесі	Су деңгейі датчигінің қатесі	Сервистік қызметке хабарласыңыз
Eb: Барабанға жүктеу қатесі	Кір кептеліп қалғаны туралы сигнал	Жұмысты кідіртiңiз, есiктi ашыңыз және қайта iске қоспас бұрын кiрдi қайта бөлiңiз.
FC0/FC1/FC2: Дисплей тақшасының қатесі	Байланыс қатесі	Сервистік қызметке хабарласыңыз

## Дисплейдегі қате кодынсыз ақаулықтарды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
Кір жуғыш машина жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарлама әлі іске қосылмаған.</li> <li>Есік дұрыс жабылмаған.</li> <li>Кір жуғыш машина қосылмаған.</li> <li>Электр қуаты өшірілген.</li> <li>Балалардан қорғау функциясы іске қосылған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарламаны тексеріп, оны іске қосыңыз.</li> <li>Есікті дұрыс жабыңыз.</li> <li>Машинаны қосыңыз.</li> <li>Электр қуатын тексеріңіз.</li> <li>Балалардан қорғау функциясын өшіріңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина сумен толтырылмайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Су берілмейді.</li> <li>Құю құбыршегінің майысуы.</li> <li>Су беру құбыршегінің сүзгісі бітелген</li> <li>Судың қысымы 0,03 МПа-дан аз.</li> <li>Есік дұрыс жабылмаған.</li> <li>Сумен жабдықтау жүйесінің ақауы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Су беру шүмегін тексеріңіз.</li> <li>Құю құбыршегін тексеріңіз.</li> <li>Су беру құбыршегінің сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>Судың қысымын тексеріңіз.</li> <li>Есікті дұрыс жабыңыз.</li> <li>Су беруді қамтамасыз етіңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина сумен толтырған кезде одан су ағып кетеді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Төлке құбыршектің көтерілу биіктігі 80 см-ден аз.</li> <li>Төлке құбыршектің ұшы суға батырылған болуы мүмкін.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Төлке құбыршектің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li> <li>Төлке құбыршектің ұшы суда емес екеніне көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Су төгу ақаулығы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Төлке құбыршегі бітелген.</li> <li>Сорғы сүзгісі бітелген.</li> <li>Төлке құбыршектің ұшы еден деңгейінен 100 см жоғары орналасқан.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Төлке құбыршекті тазалаңыз.</li> <li>Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>Төлке құбыршектің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Сығу кезіндегі қатты діріл.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Барлық тасымалдау бұрандамалары алынып тасталған жоқ.</li> <li>Машина тұрақсыз күйде.</li> <li>Кір жуғыш машинаның дұрыс жүктелмеуі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Барлық тасымалдау бұрандамаларын алыңыз.</li> <li>Қатты тірек бетін қамтамасыз етіңіз және машинаны тегістеңіз.</li> <li>Жүктеудің салмағы мен біркелкілігін тексеріңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина жуу циклі аяқталғанға дейін тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Су немесе электрмен жабдықтау ақаулығы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қуат пен суды тексеріңіз.</li> </ul>


Кір жуғыш машина біраз уақытқа тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дисплейде қате коды көрсетіледі.</li> <li>• Мәселе дұрыс жүктелмеуден.</li> <li>• Бағдарлама жібіту циклін орындайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қате кодтарын тексеріңіз.</li> <li>• Жүктемені азайтыңыз немесе реттеңіз.</li> <li>• Бағдарламаны болдырмаңыз және қайта іске қосыңыз.</li> </ul>
Барабандағы жөне (немесе) жуғыш зат науасындағы артық көбік.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарамсыз жуғыш зат.</li> <li>• Жуғыш заттың артық мөлшерін қолдану.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жуғыш затты таңдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз.</li> <li>• Жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз.</li> </ul>
Жуу уақытын автоматты түрде реттеу.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жуу бағдарламасының ұзақтығы түзетіледі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл қалыпты жағдай, ол функциялылыққа әсер етпейді.</li> </ul>
Сығу кезіндегі ақаулық	Барабандағы кірдің теңгерімсіздігі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Машинаның жүктелуін және кірді тексеріңіз, содан кейін сығу бағдарламасын қайта іске қосыңыз.</li> </ul>
Жуудың қанағаттанарлықсыз нәтижесі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ластану дәрежесі таңдалған бағдарламаға сәйкес келмейді.</li> <li>• Жуғыш заттың жеткіліксіз мөлшері.</li> <li>• Максималды жүктеме асып кетті.</li> <li>• Кір барабанда біркелкі бөлінбеген.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқа бағдарламаны таңдаңыз.</li> <li>• Ластану дәрежесіне және өндірушінің ұсыныстарына сәйкес жуғыш затты таңдаңыз.</li> <li>• Жүктемені азайтыңыз.</li> <li>• Кірді түзетіңіз.</li> </ul>
Кірдегі жуғыш ұнтақ қалдықтары.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жуғыш заттың ерімеген бөлшектері кірде ақ нүктелер түрінде қалуы мүмкін.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қосымша шаюды орындаңыз.</li> <li>• Кептірілген киімдегі ұнтақ іздерін шеткемен кетіріп көріңіз.</li> <li>• Басқа жуғыш ұнтақты таңдаңыз.</li> </ul>
Киімдегі сұр дақтар.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Майлар, кремдер немесе жақпаймайлар сияқты майлы заттардың әсерінен пайда болады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Арнайы тазартқыш көмегімен киімді жууға дайындаңыз.</li> </ul>

**ЕСКЕРТУ: КӨБІКТІҢ ТҮЗІЛУ**

Сығу циклі кезінде тым көп көбік пайда болса, қозғалтқыш тоқтайды, 90 секунд бойы ағызу сорғысы жұмыс істейді. Егер мұндай көбікті кетіру әрекеттері қатарынан 3 рет сәтсіз аяқталса, бағдарлама сығусыз аяқталады. Егер қате туралы хабарламалар қабылданған шаралардан кейін де пайда болса, машинаны өшіріп, электр қуатын ажыратып, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

**Электр қуатының іркілісі жағдайында**

8-1



Ағымдағы бағдарлама және оның баптаулары сақталады.

Электр қуаты қалпына келтірілгеннен кейін машинаның жұмысы қайта басталады. Егер бағдарламаны орындау кезінде электр қуатының бұзылуы орын алса, есік механикалық түрде құлыпталады. Кірді алу қажет болса, су деңгейі шыны есік арқылы көрінбейтініне көз жеткізіңіз. — Күйіп қалудан сақ болыңыз!

- ▶ «Күтім және тазалау» («Сорғы сүзгісі») тарауынан 1–6 қадамдарды орындау арқылы су деңгейін төмендетіңіз.
- ▶ Сервистік қақпақтың астындағы тұтқаны (А) (8-1-сур.) сырт еткенше есікті бұғаттан ашу үшін тартыңыз.
- ▶ Барлық бөлшектерді бекітіп, сервистік қақпақты жабыңыз.



Кір жуғыш машина пайдаланушы үшін қауіпсіз күйде болғанда (су деңгейі қарау терезесінен белгілі бір қашықтыққа төмен, барабан температурасы 55 °С-тан төмен, ішкі барабан айналмайды), машинаның есігін ашуға болады.

## 9 Орнату

### Дайындау

- ▶ Құрылғыны қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Барлық қаптау материалдарын, соның ішінде көбікпласт негізін алып тастаңыз және оларды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Қаптаманы ашқан кезде пластик пакетте және тиеу люгінде су тамшыларын байқауға болады.
- ▶ Бұл қалыпты құбылыс, зауыттық сынақтардан туындаған.



### ЕСКЕРТУ: ҚАПТАМАНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Барлық қаптау материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған ортаға қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.

### Шу оқшаулағыш жапсырмаларды орнату жөніндегі нұсқаулық

1. Термиялық қаптаманы ашқан кезде түтікте бірнеше шу оқшаулағыш жапсырмаларды табасыз. Олар шуды азайту үшін қолданылады (9-1-сур.).
2. Шуды оқшаулайтын жапсырмаларды түтіктен алыңыз және олардан екі жақты жабысқақ қорғаныс үлдірін алыңыз; шуды оқшаулайтын жапсырмалар кір жуғыш машинаның корпусының астына 2-суретте көрсетілген жерлерде орналастырылады (екі ұзын тығыздағыш — 1 және 3 позицияларда, екі қысқа тығыздағыш — 2 және 4 позицияларда). Тығыздағыштарды орнатқаннан кейін машинаны тік күйге қайтарыңыз.





### ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Шуды болдырмайтын жапсырмалар опция болып табылады, олар шуды азайтуға көмектеседі және қаласаңыз, орнатуға болады.

### Тасымалдау бұрандамаларын алыңыз

Тасымалдау бұрандалары ішкі зақымдануды болдырмау үшін тасымалдау кезінде машина ішіндегі дірілге қарсы компоненттерді бекітуге арналған.

1. Артқы қақпақты алыңыз (9-2 сур.).
2. Артқы қабырғадағы барлық 4 бұранданы алып тастаңыз және машинаның ішінде орналасқан пластик аралықтарды (А) алыңыз (9-3 сур.).
3. Артқы қақпақты орнына қойыңыз, оны екі ойыққа салыңыз, сонда дөңес жағы сыртта болады (9-4 сур.).
4. Қалған тесіктерді бітеуіштермен жабыңыз (9-5 сур.).




**ЕСКЕРТУ: СЕНИМДІ ЖЕРДЕ САҚТАҢЫЗ**

Тасымалдау бұрандамаларын кейінірек пайдалану үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз. Машинаны әр жылжытпас бұрын, осы бұрандамаларды орнына қойыңыз.

**Машинаны жылжыту**

Егер кір жуғыш машинаны ұзақ қашықтыққа жылжыту қажет болса, зақымдануды болдырмау үшін орнату алдында алынған тасымалдау бұрандамаларын орнына қойыңыз:

1. Бітеуіштерді алыңыз.
2. Артқы қақпақты алыңыз
3. Пластикалық аралықтар мен тасымалдау бұрандамаларын салыңыз.
4. Бұрандамаларды кілтпен қатайтыңыз.
5. Артқы қақпақты орнына қойыңыз.


**Машинаны тегістеу**

Барлық аяқтарды (9-6-сур.) толық тегіс күйге жету үшін реттеңіз. Бұл жұмыс кезінде дірілді, демек, шуды азайтады. Бұл сонымен қатар тозуды азайтады. Тегістеу үшін спирттік деңгейді пайдалану ұсынылады. Еден мүмкіндігінше қатты және тегіс болуы керек.

1. Кідіртпесомынды (1) кілтпен босатыңыз.
2. Аяқты айналдыру арқылы биіктікті реттеңіз (2).
3. Машинаның корпусындағы кідіртпесомынды (1) қатайтыңыз.

**Суды ағызуға арналған қосылым**

Су төгетін құбыршекті құбырға дұрыс жалғаңыз. Құбыршектің жоғарғы нүктесі машинаның түбінен 80-ден 100 см-ге дейін биіктікте болуы керек! Мүмкіндігінше, төкпе құбыршекті әрқашан машинаның артқы панеліндегі қамытта бекітіңіз.






### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Қосылу үшін тек машинамен бірге жеткізілген құбыршектер жиынтығын пайдаланыңыз.
- ▶ Ешқашан ескі құбыршек жиынтықтарын пайдаланбаңыз!
- ▶ Құю құбыршегін тек суық су құбырына қосыңыз.
- ▶ Қосу алдында судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.

Келесі қосылым нұсқалары мүмкін:




#### 9.6.1 Төкпе құбыршегін шұңғылшаға орнату

- ▶ Төкпе құбыршекті U-тәрізді тіреуішпен сәйкес өлшемдегі шұңғылшаның шетіне іліп қойыңыз (9-7-сур.).
- ▶ U-тәрізді тіректің шұңғылшадан сырғып кетпеуі үшін тиісті шаралар қолданыңыз.

#### 9.6.2 Төкпе құбыршекті кәріз жүйесіне қосу

- ▶ Желдету тесігі бар тік құбырдың ішкі диаметрі кемінде 40 мм болуы тиіс.
- ▶ Төкпе құбыршекті кәріз құбырына шамамен 80 мм тереңдікке салыңыз.
- ▶ U-тәрізді тіректі жалғап, оны мықтап бекітіңіз (9-8-сур.).



#### 9.6.3 Төкпе құбыршегін шұңғылшаның ағызуына қосу

- ▶ Құбыршекті қосу орны сифоннан жоғары орналасуы керек.
- ▶ Ағызу қосқыш келтеқұбыры әдетте тығыздағышпен жабылған болады (A). Қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бұл тығыздағышты алып тастау керек (9-9 сур.).
- ▶ Төкпе құбыршегін қамытпен бекітіңіз.




### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Төкпе құбыршекті суға батыруға болмайды, және оны мықтап бекітіп, тығыздау керек. Егер төкпе құбыршек жерге қойылса немесе құбыр 80 см-ден аз биіктікте болса, кір жуғыш машина толтыру кезінде суды үнемі ағызып отырады (автоматты ағызу).
- ▶ Төкпе құбыршегін ұзартуға жол берілмейді. Қажет болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.

## Құбыр су беруді ұйымдастыру

Тығыздағыштардың салынғанына көз жеткізіңіз.

1. Құю құбыршегін қысық ұшымен машинаға қосыңыз (9-10 сур.). Бұрандалы қосылымды қолмен қатайтыңыз.
2. Құю құбыршегінің екінші ұшын 3/4 дюймдік бұрандасы бар су беру шүмегіне қосыңыз (9-11-сур.).




**ЕСКЕРТУ: «АКВАСТОП» СУДЫҢ АҒЫП КЕТУІНЕН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ:**

Кейбір модельдер «Аквастоп» (В) судың ағып кетуінен қорғау жүйесі бар құю құбыршегімен жабдықталған. Ағып кетуден қорғау жүйесі құбыршек зақымдалған жағдайда су беруді автоматты түрде өшіру арқылы судан болатын зақымданудан қорғайды. Қорғауды іске қосылуын қызыл индикатор (С) көрсетеді. Құбыршекті ауыстыру керек.

**Электр қуатын беру желісіне қосылу**

Әрбір қосылар алдында келесілерді тексеріңіз:


- ▶ қуат көзінің параметрлері, розеткалар мен сақтандырғыштар зауыттық тақтайшада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді;
- ▶ розетка жерге тұйықталған, көп орынды тармақтағыштар немесе ұзартқыштар пайдаланылмайды;
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді. Құю құбыршегінің екінші ұшын 3/4 дюймдік бұрандасы бар су беру шүмегіне қосыңыз (9-12-сур.).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- ▶ Әрқашан барлық қосылыстардың (қуат сымы, төкпе құбыршек және су беру құбыршегі) тығыз тартылғанын, құрғақ екенін және ағып кетпейтінін қадағалаңыз!
- ▶ Бұл бөліктердің мыжылып, бүгілмегеніне немесе ширатылмағанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған қуат кабелін ауыстыруды сервистік орталықтың өкілі (кепілдік талонын қар.) орындауы керек.

**ЕСКЕРТУ: ГИГИЕНА**

Орнатқаннан кейін немесе ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін бірінші рет жуар алдында кірсіз және (2) контейнер бөлігінде аз мөлшерде жуғыш затпен немесе ықтимал зиянды заттар мен қоқыстарды кетіру үшін арнайы тазартқышпен «ГИГИЕНА» бағдарламасын іске қосу арқылы профилактикалық күтім шараларын орындау ұсынылады.


Жеткізуші атауы немесе сауда маркасы	Candy
Жеткізуші моделінің идентификаторы	C43W 210MBBW-07
Номиналды жүктеме (кг)	10,5
Энергия тиімділігі класы	A+++
Электр энергиясының жылдық тұтынылуы (АЕС, кВт·сағ/жыл) <sup>1)</sup>	150
60 °С температурада және толық жүктемеде (кВт·сағ/цикл) стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы режимінде жуу кезінде электр энергиясының шығыны	0,69
60 °С температурада және ішінара жүктемеде (кВт·сағ/цикл) стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы режимінде жуу кезінде электр энергиясының шығыны	0,70
40 °С температурада және ішінара жүктемеде (кВт·сағ/цикл) стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы режимінде жуу кезінде электр энергиясының шығыны	0,61
Өшірулі күйдегі өлшенген тұтынылатын қуат (Вт)	0,30
Қосулы күйдегі өлшенген тұтынылатын қуат (Вт)	0,40
Жылдық су тұтыну (ПВ, л/жыл) <sup>2)</sup>	10686
Сығу/кептіру режимінің тиімділік класы <sup>3)</sup>	B
Максималды сығу жылдамдығы (айн/мин) <sup>4)</sup>	1120
Қалдық ылғал (%) <sup>4)</sup>	53
60°С температурада стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы <sup>5)</sup>	 + 1200 айн/мин+
40 °С температурада «Хлопок» («Мақта») стандартты бағдарламасы <sup>5)</sup>	 + 1200 айн/мин+
Толық жүктемемен 60°С температурада «Хлопок» («Мақта») бағдарламасының орындалу уақыты (мин.)	330
Ішінара жүктемемен 60 °С температурада «Хлопок» («Мақта») бағдарламасының орындалу уақыты (мин)	330
Ішінара жүктемемен 40 °С температурада «Хлопок» («Мақта») бағдарламасының орындалу уақыты (мин)	325
Қосулы күйде қалу ұзақтығы (мин.) <sup>6)</sup>	3
Ауа арқылы берілетін шу (жуу/сығу) 1пВт қатысты дБ (А) <sup>7)</sup>	55/70
Түрі	Бөлек тұрған

1) 60 °С температурада «Хлопок» («Мақта») және толық және ішінара жүктеу кезінде 40 °С температурада «Хлопок» («Мақта») бағдарламаларында, сондай-ақ энергия үнемдеу режимдерінде электр энергиясының шығыны 220 стандартты жуу циклі негізінде. Электр энергиясының нақты шығыны машинаның қалай қолданылатынына байланысты.


2) 60 °С температурасында «Хлопок» (Мақта) және толық және ішінара жүктеу кезінде 40 °С температурасында «Хлопок» (Мақта) бағдарламасында 220 стандарт жуу циклі негізінде. Судың нақты шығыны машинаның қалай қолданылатынына байланысты.

- 3) C санаты — тиімділігі ең аз, ал A санаты — тиімділігі ең көп болады.
- 4) толық жүктемесі бар 60 °C температурада «Хлопок» («Мақта») стандартты бағдарламасы және ішінара жүктемесі бар 40 °C температурада «Хлопок» («Мақта») стандартты бағдарламасы негізінде.
- 5) 60 °C температурада «Хлопок» («Мақта») стандартты бағдарламасы және 40 °C температурада «Хлопок» («Мақта») стандартты бағдарламасы жапсырмадағы және бұйым туралы мәліметтердегі ақпаратты қамтитын стандартты жуу бағдарламалары болып табылады. Бұл бағдарламалар әдеттегі ластану дәрежесіндегі мақта киімдерді жууға арналған және жалпы энергия мен су тұтыну тұрғысынан ең тиімді болып табылады.
- 6) Электр энергиясын басқару жүйесі болған жағдайда.
- 7) Стандартты EN сынақ бағдарламасы негізінде: Хлопок (Мақта) + 40 °C/60 °C + макс. сығу жылдамдығы.

Модель атауы	C43W 210MBBW-07
Өлшемдері (БхЕхТ, мм)	850 × 595 × 529
Номиналды кернеуі, В	220-240 В/50 Гц
Ток күші, А	10
Максималды қуат, Вт	1950
Су қысымы, МПа	0,03 < P < 1
Таза салмағы, кг	66



АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ  
КӨРІНІСІ



ҚАБЫРҒА  
ЖОҒАРЫДАН  
ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІС

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ	C43 W210MBBW-07
A Құрылғының жалпы биіктігі, мм	850
B Құрылғының жалпы ені, мм	595
C Құрылғының жалпы тереңдігі (басқару панеліне дейін), мм	529
D Құрылғының жалпы тереңдігі, мм	579
E Есік ашық кездегі тереңдігі, мм	1062
F Қабырғадан ең аз шегініс (есікті ашу үшін), мм	602

**Ескерту:** машинаңыздың нақты биіктігі аяқшалары машина түбінен қаншалықты көтеріліп тұрғанына байланысты. Сіз машинаны орнататын кеңістік машинаның өлшемінен кем дегенде 40 мм кеңірек және 20 мм тереңірек болуға тиіс.

## Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз Candy қолдау қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселеіңіздің шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызметке сұрау сала аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласып, паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сату күні \_\_\_\_\_



Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз бұйымның құрылымы мен жиынтықтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (кеден) одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»,

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»,

ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы».

Тасымалдау және сақтау

Өнімде көрсетілген өңдеу белгілеріне сәйкес түпнұсқа қаптамасында тасымалдануы және сақталуы керек.

Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

Көлік пен сақтайтын орын өнімді жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

## КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

### Құрметті сатып алушы!

Найег корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Турмыста пайдалануға арналған бұйымдарға берілетін ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер, теледидарлар — бұйымды соңғы тұтынушыға берілген күннен бастап 5 жыл; роботы-шәсорсығштар, шәсорсығштар — 4 жыл; кіші тұрмыстық техника — 3 жыл, қалған бұйымдар — 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескере отырып, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты әрі мұқият қарасаңыз, олар сізге көптеген жылдар бойы қызмет етеді. Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заң негізінде дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндірмей, оның мүлкіне келмес қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз. Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз.

Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосылуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңіз қажет.

Ғазды пайдаланатын жабдықтар (өнімдерді) монтаждау (қосу) және мерзімді техникалық қызмет көрсетуді тек қана ұлттық заңнамда белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйым жүзеге асырады. Механикалық, термиялық және электрлік зақымданулардың пайда болуына жол бермеу үшін бұйымға тұрақты техникалық қызмет көрсетуді пайдалану жағдайларына қарай жылына кемінде бір рет кезеңділікпен Авторландырылған сервистік орталыққа жүргізу ұсынылады, бұл бұйымның жоғары өнімділігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ оның нақты қызмет ету мерзімін арттырады. Ластануы (шаң, кір, жүн, түк) себебінен бұйымның істен шығуы кепілді емес жағдай болып табылады және тек тұтынушының есебінен ғана жойылуы тиіс.

Бұйымға мерзімді техникалық қызмет көрсетуді Авторландырылған сервистік орталық қосымша ақыға жүргізеді.

Найег корпорациясы төменде көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдік қызмет көрсету шарттары

Найег Корпорациясы тауар тұтынушыға табысталған күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімді орнатады. Кепілдікті қызмет көрсету тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттармен (тауарлық немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) жинақталған, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады. Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны дайындаушы көздеген жағдайда) оны сәйкестендіруге және соның салдарынан оған кепілдік қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұйымнан зауыттық сәйкестендіру тәжірибесінен алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың, кепілдік пломбалардың зақымдануы немесе болмауы (егер олардың болуын дайындаушы көздеген жағдайда) кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Кепілдік бойынша тек Авторландырылған Candy сервистік орталықтары қызмет көрсетеді. Авторланған сервистік орталықтардың толық тізімін мына телефондар арқылы Candy ақпараттық орталығынан алу аласыз:

**8-800-070-03-29** — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан ақірлерінен тегін қоңырау шалу) немесе сайтта: <https://haieronline.kz/> немесе келесі электрондық пошта арқылы сұрату жасап біле аласыз: [support\\_kz@haieronline.kz](mailto:support_kz@haieronline.kz).

Авторланған сервистік орталықтардың деректері өзгеруі мүмкін, анықтау үшін Candy ақпараттық орталығына жүгініңіз.

### Кепілдікті қызмет көрсету келесілердің салдарынан ақау пайда болған бұйымдарға көрсетілмейді:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоназыттық сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілік жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану бойынша құжаттама талап еткен жағдайда бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетпеу;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұл бұйым типіне жарамайтын жүзгіш құралдар қолдану, сонымен қатар жүзгіш құралдардың кенес берілген мөлшерін асырудан;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкілеттігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе дайындаушы рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізу;
- қорек желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқығаннан;
- еңсерілмейтін күш әрекеттері (алат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері, оның ішінде бұйымның механикалық зақымдануы;
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік қызметі қалдықтарының түсуі;
- су жылытқыштың толтырылмаған/толық толтырылмаған бағының іске қосылуының салдарынан термодорғаудың іске қосылуы;
- сымды/сымсыз желісінің тұрақсыз байланысы және тұрақсыз телефон желілері, сапасыз жерге тұйықтау сыртқы электромагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсері, жоғары ылғалдылық және діріл;
- бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиянды) бағдарламалық жасақтамамын үйлесімсіздігі, сондай-ақ ендірілген бағдарламалық жасақтамамын өз бетінше түрлендіру сондай-ақ үшінші тарап бағдарламалық жасақтамамын пайдалану;
- бүкіл құрылғының немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылғылардың қосылуы;
- табиғи нашарлау (ескіру), соның ішінде тіркелмелер, дискеталар, нұсқаулықтар, сондай-ақ ақуімүлкілік блоктың сыйымдылығының төмендеуі;

— стандартты емес және (немесе) сапасыз шығыс материалдардың, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін және/немесе әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану.

### Кепілдік бойынша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне қолданылмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату, баптау және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кенес беруге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға;
- тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық "тігілмені") қайта орнату.

### Төменде аталған шығын материалдары мен аксессуарларға кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағуына арналған құбыршөктерге;
- шәсорсығштарға арналған құбыршөктер, түтіктер, шөткелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқынды пештерге арналған терлекелер, істекшелер, торлар, табакшалар және қойғыштар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, тартпалар, бұйым қойғыштар және тоназытқышша азық-түлік сақтауға арналған басқа ыдыстар;
- басқару пульттері, аккумулятор батареялары, қуат беру элементтері, сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.



# CANDY

**RU**

**Изготовитель:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Room S401, Haier Brand building,  
Haier Industry park Hi-tech  
Zone, Laoshan District, Qingdao,  
China

**Уполномоченная организация/  
импортер:**

ООО «ХАР» 121099, г. Москва,  
Новинский бульвар, д. 8, этаж 16,  
офис 1601

**Уполномоченная организация  
в Республике Казахстан:**

ТОО «Хайер Мидл Эйжа»,  
050000, город Алматы,  
Медеуский район,  
Проспект Достык, дом 210.

**Гарантийный срок и дата  
изготовления указаны на  
этикетке устройства.**

**Сделано в Китае**

**KZ**

**Өндіруші:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Рум S401, Хайер бренд билдинг,  
Хайер индастри парк Хай-тек  
зон, Лаошан дистрикт, Циндао,  
Қытай

**Қазақстан Республикасындағы  
уәкілетті ұйым/ импорттаушы:**

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,  
050000, Алматы қаласы, Медеу  
ауданы, Достық даңғылы,  
210 ғимарат.

**Кепілдік мерзімі мен  
шығарылған күні құрылғының  
жапсырмасында көрсетілген.**

**Қытайда жасалған**

